

Исатай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 135-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 маусымда № 28511 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Исатай аудандық маслихаты ШЕШТІ:

1. Исатай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Н. Муханбеталиев

Исатай аудандық мәслихатының 2022

жылғы 13 маусымдағы

№ 135-VII шешіміне қосымша

Исатай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы 1 есептік бірлікке, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,65
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,75
2	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,29
3	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,47
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,42
5	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0007
6	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,70
7	Мектептер және басқа да оқу орындары	1 оқушы	0,14
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,03

9	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
10	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
11	Спорт, би және ойынзалдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,02
12	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	1,39
13	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда орны 1 м2	0,23
14	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі, халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
15	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
16	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,14
17	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	2,35
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,3
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,4
20	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,33
21	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,30